

№3 ХАТТАМА

Өткізілген күні: «1» қараша 2023 жыл

Қатысқандар: мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

- «Мектепке жол» жалпы республикалық әлеуметтік акциясының аясында мектеп шағын ауданындағы аз қамтылған, көпбалалы және әлеуметтік осал топтағы отбасы балаларына көмек көрсету қорытындысы.
- «Түнгі ауылдағы балалар» және «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шаралары аясында мектеп маңындағы аумақта, беймезгіл уақытта жүрген жасөспірімдерді анықтау мақсатында жүргізілген рейд жұмыстарының нәтижесі.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каепов А.М сөз алды. Ол өз сөзінде «Мектепке жол» акциясының барысында шағын ауданы (микроучаске) бойынша толық хаттамалық тексеріс жүргізілгенін атап өтті.

Шағын аудандағы көшелер араланып, мектеп жасындағы балалардың сабаққа дайындығы тексерілді.

Акция аясында әлеуметтік көмекті қажет ететін балалар анықталып, оларға демеушілер мен мектеп қоры есебінен кеңсе тауарлары, мектеп формасы мен аяқ киім алып берілді.

Шағын ауданда оқудан тыс қалған бала тіркелмеген.

2. Екінші мәселе бойынша: Мектептің құқық бұзушылықтың алдын алу инспекторы (ЮПИ) және мектеп әкімшілігінен құралған рейдтік топ мүшелері тыңдалды. «Түнгі ауылдағы балалар» және «Жасөспірім» акциялары аясында бекітілген кестеге сай мектеп маңындағы аумақта, ауыл көшелерінде, ойын-сауық орындарында кешкі сағат 22:00-ден кейін рейдтік шаралар ұйымдастырылған.

Рейд барысында: Мектеп маңында және ауыл аумағында заңды өкілдерінің (ата-анасының) серіктесуінсіз түнгі уақытта жүрген оқушы анықталады.

Түнгі уақытта көшеде жүрген оқушылардың ата-аналарына ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 442-бабы бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ескерту жасалды.

Сынып жетекшілеріне «Қауіпсіздік ережелері» мен «Түнгі уақытта көшеде жүрмеу» тақырыптарында ата-аналар жиналысы мен сынып сағаттарын өткізу тапсырылды.

Шешімі:

- «Мектепке жол» акциясы аясында атқарылған жұмыстар «жақсы» деп танылсын. Әлеуметтік көмек алған балалардың сабаққа қатысуы мен үлгерімі сынып жетекшілері мен әлеуметтік педагогтың тұрақты бақылауында болсын.
- «Түнгі ауылдағы балалар» және «Жасөспірім» акциялары шеңберіндегі рейдтік жұмыстар тоқтатылмасын, бекітілген кестеге сәйкес әр аптаның жұма, сенбі күндері тұрақты түрде жалғастырылсын.

Хатшы:



Арингазина Д.Д